

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

5.Герасимова О.И., Лопатина О.П. Исследование профессиональной этики в парадигме современного образования // Антропологическая дидактика и воспитание. 2022. Том 5. № 1. С. 151–174.с.

ӘОЖ 373.21

БУСОГРАД ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫҢ ЗИЯТКЕРЛІК ҚАБІЛЕТІН ДАМУЫ

Күмісбек Қаракөз

karakoz.kumisbek@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу»

мамандығының 3 курс студенті. Астана, Қазақстан.

Ғылыми жетекшісі – п.ғ.к, профессор Ф.Н.Жұмабекова

Қазақстандағы заманауи білім беру жүйесінің тенденциясы әлемдік білім кеңістігімен ықпалдасуға бағдарланған бағытта дамуда. Білім кеңістігінің басымдығында өзгермелі өмір жағдайында тез бейімделетін, өмірдегі жолын дұрыс таңдай алатын креативті, бәсекеге қабілетті қарым-қатынасты, әрекеттерге сыни көзқарастар қалыптастыра алатын, оң шешімдер қабылдап, командамен жұмыс жасай алатын тұлғаларды дайындау қарастырылады. Сонымен қатар, елдердің бір-бірінен салыстырмалы тұрғыдағы артықшылығы бәсекелестік күш-қуаты олардың табиғи ресурстарымен емес, адам капиталымен инновациялық технологияларды және ақпарат ағымын ұтымды пайдаланумен анықталуда. Білім құндылықтары тұлғаның ашық, вариативті рухани және мәдени қаныққан, толерантты, отаншылдық және шынайы азаматтықтың қалыптасуын қамтамасыз етуде бірігуінде. Осы орайда, білім берудің алғашқы сатысы-мектепке дейінгі мекемелерде баланың алғашқы тәрбие мен білім беру үрдісінде бастапқы адами құндылықтарын қалыптастыруға ерекше мән берілуде [1].

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен білім беруге арналған нормативтік құжаттардағы мақсат: баланың зияткерлік қабілетін дамыту, ойлау қабілетін жетілдіру, өзіндік іскерлік қасиеттерін қалыптастыру, заман талабына сай ойын жүйрік етіп тәрбиелеу.

Зияткерлік қабілеттің дамуы – бұл, баланың жасына, тәжірибиесінің молаюуы мен тәрбиелік ықпалдардың әсеріне байланысты ойлау әрекетінде пайда болатын сан және сапалық өзгерістердің жиынтығы. Мектеп жасына дейінгі баланың білімінің дамуы жылдам қарқынмен жүргізіледі, тіпті қалыптасады. Таным процесстері жетіледі, бала ақыл-ой әрекеттің қарапайым әдістерін меңгереді. Мектеп жасына дейінгі баланың зияткерлік қабілетін дамуын қамтамасыз етуде оның кейінгі іс-әрекеті үшін зор маңызы бар. Мектеп жасына дейінгі балалардың зияткерлік қабілеттіліктерін дамыту заманауи мектепке дейінгі білім берудің көкейтесті мәселесі болып табылады.

Бүгінде әсіресе мәселелерге көзқарастары стандартты емес, кез келген ақпараттық ағындармен жұмыс жасай білетін, өзгермелі жағдайларға тез бейімделетін шығармашылық адамдардың тәрбиесіне деген қоғамның қажеттілігі көрініп отыр. Қазіргі уақытта мектеп жасына дейінгі балалардың зияткерлік қабілеттіліктерін дамыту жолында тиімді инновациялық технологиялар қолданылуда [2].

Қазақстан Республикасында білім беру саласындағы педагогикалық инновация мен оқытудың жаңа технологиясын: Н.Н.Нұрахметов, Ш.Т.Таубаева, С.Н.Лактионова, Е.З.Батталханов, Қ.Қ.Қадашева, Т.О.Балықбаев, Ж.А.Қараев, Г.К.Нұрғалиева, К.Бұзаубақова, С.Д.Мұқанова, Н.И.Хван, Л.Е.Румянцева, М.М.Мұқаметқалиқызы, Ф.Н.Жұмабекова т.б. педагог ғалымдар зерттеген. «Логикалық тапсырмалар» баланың жас ерекшелігін ескере отырып құрастырылды. Теориялық білімдерін кеңейтіп, оны практикада қолданылуына ықпал етеді. Логиканың дамуы өздігінен ізденіп жұмыс жасауына мүмкіндік береді. Логикалық тапсырмалар баланың интеллектуалдық деңгейін көтереді [3].

Дамыту ойындары туралы қарастырған ғалымдар: В.Воскобович, Жан Пиаже, Лейв Выготский, Дэвид Элькин, Джон Питерсон, Сандра Русс, Джессика Пейтон.

Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту жөнінде: А. В. Запорожец, Л. Н. Венгер, И. С. Якиманская еңбектері жарық көрді [4].

Ойын дегенміз - жас ерекшелікке қарамайтын, адамның көңіл-күйін көтеретін, ойландыратын үрдіс. Ойын төзімділікті, алғырттықты, тапқырлықты, ұқыптылықты, ізденпаздықты, іскерлікті, дүниетаным өрісінің көлемділігінің, көп білуді, сондай-ақ, басқа да толып жатқан сапалылық қасиеттердің қалыптастыруға үлкен мүмкіндігі бар педагогикалық, тиімді әдістерінің бірі. Ойын барысында бала өзін қоршаған ересектер сияқты, өзінің сүйікті әңгімелері мен кейіпкерлері сияқты өмір сүреді, әрекет жасайды. Ойынды қолданумен бірге ойлауға, тілді дамытуға, шығармашылық әрекетін байытуға бағытталған.

«Моншак» технологиясы балаларды да, ересектерді де ерекше өзіне тартатын өте қызықты әрекет. Бағдарламаның авторы педагог Майя Родина. «Бұл іс-әрекет мені қатты қызықтырды, балаларым екеуміз «Моншак қала немесе Ертегі Моншак сиқырлы ойындар» жобасын жасауды ұйғардым. Оның негізіне біз әртүрлі суреттер, картиналар, шағын ертегілер – Моншак саламыз және орналастырамыз. Жоба ұзақ мерзімді және 3 жастан 6 жасқа дейінгі балаларға арналған, бірақ бұл шектеу емес, өйткені ересектерде бисермен ойнауға бейім. Мен бұл әрекетті ең бірінші ең жас топтан бастадым. Біріншіден кіріспе кезеңінде моншақтардың не екенін, олардың пішіні қандай, өлшемі, тактильді түйсік моншақтарымен таныстық. Ол балаларға әрі қарай жұмыс істеу үшін әлі де әртүрлі заттар қажет болатынын атап өткен: түрлі-түсті тастар, санау таяқшалары, білезіктер және әртүрлі зергерлік бұйымдар. Балалар әр түрлі заттармен ойнады, пішіндерді контур бойымен орналастырды, сенсорлық қораптағы заттарды іздеп, атаулары бойынша буып жинайды. Келесі кезеңді ортаңғы топқа береді. Мұнда біз поэтикалық түрде сүйемелденетін әртүрлі суреттерді орналастырамыз. Жоба балалардың ұсақ моторикасын нығайтып қана қоймайды, сонымен қатар сөйлеуді дамытуға, зейінді, ойлауды, қиялды және ең маңызды фактор - табандылықты дамытуға көмектеседі. Моншак технологиясының күрделенуіне байланысты ересек топтан бастауды жоспарлап отырмыз, ол шағын ертегілер мен әңгімелер құрастырудан тұрады» деп атап өткен. Моншак - бұл мектеп жасына дейінгі балаларға арналған моншақтармен ойын және шығармашылық жаттығулар жүйесі. Аталған технологияның баланың дамуына ықпалы:

- кеңістік көріністерді қалыптастырады және жетілдіреді;
- сөйлеу мен қарым-қатынас дағдыларын дамытады;
- шығармашылықпен дербес әрекет етуге дағдыланады;
- көркемдік эстетикалық талғамы дамиды;

Моншак – бұл тек қана әшекей бұйым емес, кез келген киіммен үйлестіріп тағатын, моншақты өзіңіздің фантазияңыз бойынша әр түрлі пайдалануға болады. Ал балалар үшін моншақтарды түрлендіріп қолдануға болады, эстетикалық тұрғыдан баланы қызықтыра алатын дидактикалық материал. Моншақтармен жұмыс жасау барысында балалар кеңістікті бағдарлай алады, балалар топпен қалай жұмыс жасап отырғандарын байқамайды, ұсақ қол моторикасын және шығармашылығын дамытады. Моншак технологиясын балалармен жұмыс жасамастан бұрын материалдар жинақтап алу керек. Моншақтар бір жіпте тізбектелген орындары қозғалмайтын болуы қажет. Ол моншақтар арқылы балалар түрлі заттарды бейнелей алады. Бұл технологияда тек қана моншақтарды ғана емес түрлі заттарды түрлендіріп пайдалануға болады. (макарон, қағаз, ермексаз т.б) Кіші топтарда моншақтармен таныстыру, оларды ұстап, сипап көрсету, түстерін ажырату, көлемдерін салыстырады.

Осы алғашқы кезеңде түрлі ойындар ойнатуға болады. «Сылдырмақ» ойыны моншақты алақан арасына салып музыка әуенімен сылдырлатады. Музыка әуенімен моншақтың сылдыры естіген балалар шығармашылыққа деген қызығушылықтары артады. «Досыңды тап» музыка әуенімен ортадағы музыка тоқтағанда бір баланың мойнына салу керек. Көп ойын сабақтарға Моншак қыз келеді. Оның көйлегі өте әдемі моншақтармен безендірілгенен кейін балалар оған қарап таңқалады. Осы кезде көбінде «Моншак қызға әдемі моншақтар»

дайын көлемі үлкен моншақтарды дайын жіпке балалар түстеріне қарай тізбектеп береді. Осы кезде балалар түстерді ажыратуды үйренеді.

Екінші кезеңде балаларға моншақтарда түрлі бейнелер жасатуға болады. Мысалы көбелек, түрлі пішіндер үшбұрыш, шаршы, шеңбер, қоян тағы басқа көптеген заттар жасатуға болады. Түрлі бейнелерді жасай отыра балалардың есте сақтау қабілеттер, кеңістікті бағдарлау, ұсақ қол моторикасы дамыйды. Бұл кезеңдегі балалармен «Сыйқырлы пішіндер» сызба арқылы пішіндерді тізбектеу ойынын ойнатуға болады. Балалар біріншіден пішіндерді, екіншіден түстерді ажырата алады. Осы кезеңнің ортасында балалар күрделі бейнелер жасай бастайды. Мысалы: күн, екі немесе үш пішінен жасалған үй тағы басқа заттарды бейнелей бастайды. Балалар күрделі заттарды бейнелеген сайын оларды ойлау, есте сақтау қабілеттері, шығармашылығы дамып бастайды.

Үшінші кезеңде балалар сюжеттік әңгімелер желісінде бейнелер жасай бастайды немесе ертегіні айта отыра кейіпкерлерін рет ретімен бейнелей бастайды.

Қолдың ұсақ моторикасын дамыту жұмыстарын баланың сәбилік кезеңінен бастаған дұрыс. Омыраудағы баланың өзіне саусақтағы бас миымен байланысқан активті нүктелеріне әсер ете отырып массаж жасау керек. Баланың саусақтарының қимылы немесе ұсақ моториканың жақсы жетіліп дамуы, ол мидың және тілдің жетілуімен тікелей байланысты. Ұсақ және жалпы моториканы дамыта отырып, біз баланы мұқияттылыққа тәрбиелейміз. Саусақ ойыны арқылы баланың сөйлеуге деген талпынысы, ынтасы артып, қабілеті дамиды. Балалардың сөйлеу тілінің дамуы қол саусақтарының нәзік қимылдарының дамуымен тығыз байланыста болғандықтан, бала қолының ептілігін толық жетілдіру, түзету жұмысын жүйелі жүргізуді қалайды.

Моншақпен ойнау - бұл ұсақ моториканы дамытуға көмектесіп қана қоймай, сонымен қатар балалардың интеллектуалдық қабілеттерін дамыту үшін де қолдануға болатын қызықты және шығармашылық әрекет. Моншақпен ойнау іс жүзінде балалардың әртүрлі интеллектуалдық дағдыларын дамытуға қалай көмектесетінін қарастырайық:

Логикалық ойлауды дамыту: Моншақпен ойнау кезінде балалар өрнектерді, композициялар мен пішіндерді жасай алады, бұл әрекеттерді жоспарлау және ретін келтіру үшін логикалық ойлауды қажет етеді. Мысалы, белгілі бір үлгілерді жасау немесе қайталанатын үлгілер жинау кезінде ақпаратты талдау және синтездеу қабілетін дамытуға көмектеседі.

Математикалық дағдыларды дамыту: Моншақпен ойнау балалардың санау, жіктеу, өлшемдер мен пішіндерді салыстыру, геометриялық пішіндерді түсіну дағдыларын дамытуға көмектеседі. Балалар моншақтардың санын санауды, белгілі бір элементтер саны бар өрнектерді құруды, әртүрлі пішіндер мен түстермен жұмыс істеуді үйренеді.

Зейін дамыту: Моншақпен өрнектер мен композицияларды сәтті жасау үшін балалар берілген тапсырмаға зейін қойып, зейінді болуы керек. Бұл зейінді, есте сақтауды және бөлшектерге назар аудару қабілетін дамытуға көмектеседі.

Шығармашылық ойлауды дамыту: Моншақтармен ойнау балалардың шығармашылық қабілетін дамытуға көмектеседі, өйткені олар әртүрлі түстермен, пішіндермен, текстуралармен тәжірибе жасап, өздерінің ерекше бөлшектері мен үлгілерін жасай алады. Осылайша, моншақ ойыны балалардың интеллектуалдық қабілеттерін дамытудың тиімді құралы бола алады, өйткені ол логика, математика, зейін, шығармашылық және зейін элементтерін қамтиды. Моншақпен практикалық жұмыс балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытып қана қоймай, сонымен қатар олардың танымдық қабілеттерін қызықты түрде жақсартуға көмектеседі.

Моншақтармен ойнау балалар үшін қызықты және танымдық әрекет болуы мүмкін. Сол үшін де баланың моншақтармен қалай ойнауға болатынының шамамен жоспары. Материалдарды дайындау:

- Бастау үшін әртүрлі пішіндегі және өлшемдегі түрлі-түсті моншақтар, жіптер немесе моншақтарды тігуге арналған сымы бар шағын қорапты дайындаңыз, сізге ине төсеніші қажет болуы да мүмкін.

Ойын барысы:

- балаңызға моншақтарды таңдатып, оларды жіпке немесе сымға байлап, өрнектер немесе пішіндер жасауға мүмкіндік беріңіз. Балаңызға әртүрлі түстермен, пішіндермен және комбинациялармен тәжірибе жасауға мүмкіндік беріңіз.

- балаңызды белгілі бір үлгі бойынша немесе жай ғана оның қиялынан үлгілер жасауға шақырыңыз, бұл логикалық ойлау мен шығармашылық қабілеттерін дамытады.

- сіз белгілі бір тақырып бойынша түстерді немесе пішіндерді сәйкестендіру ойынын ұсына аласыз (мысалы, амулет білезіктерін немесе кулондарды жасау).

- баланы өзі жасаған туындыға қарап, талдауға шақырыңыз, сұлулық, пішіндер, түстер туралы сұрақтар қойыңыз.

Ойын барысында қосымша әрекеттер:

- балаңызды қуыршаққа немесе өзіне арналған кулон немесе білезік жасауға шақырыңыз.

- әртүрлілік пен сұлулықты көрсету үшін өрнектер мен пішіндерге салыстырмалы талдау жасатыңыз.

Ойынның соңы:

- ойын соңында баланы еңбекқорлығы мен шығармашылығы үшін мадақтау және оның туындыларына қызығушылық таныту керек.

Мысалы: «Мозайка» ойыны:

- балаңызға түрлі түсті және түрлі өлшемдегі моншақтарды пайдаланып мозаикалық кескін жасау тапсырмасын беруіңізге болады. Сіз оған шабыт алу үшін суретті немесе баланың қиялындағы үлгіні ойлап табуын сұрай аласыз.

№1 «Бусоград планшеты» ойыны:

Мақсаты: балалардың зейінін қалыптастыруға және қиялын дамытуға арналған ойын.

Ойын барысы: бұл планшет арқылы балалар суреттер салады, әріптер жаза алады, пішіндерді, арнайы ойларынан шыққан заттарды жасай алады.

№2 «Бұл қай сан?» ойыны :

Мақсаты: Балаларды санауға және тез қимылдауға, ұсақ қол моторикасының дамуына ықпал ету.

Ойын барысы: шульте кестесінде орналасқан сандарды кристалмен белгілеп атау. Яғни балалардың алдына ақ параққа кесте түрінде сандар беріледі сол сандарға кристалдарды қою арқылы атау, оның қандай сан екенін айту.

Соның ішінде балалармен жұмыс істеуде Моншақ ойын технологиясын пайдалануда келесі міндеттерді қарастырамыз:

- шығармашылық қиялын дамыту;
- зияткерлік қабілетін дамытады ;
- ұсақ қол моторикасын дамытады;
- баланың сөйлеу тілін дамытады;

Ұсақ қол моторикасын дамыту және қозғалысын үйлестіру мақсатында түрлі қабылдаулар мен әдіс – тәсілдер қолдану:

- саусақтық ойын тренингісі
- саусақ гимнастикасы, сергіту сәттері
- саусақ ойынды тақпақтар мен жаңылтпаштар
- саусақтық театр
- ермексаз және тұздалған ұннан, табиғи материалдардан жапсыру жұмыстарын мүсіндеу (тұқым, жарма, ұлу қабыршықтары және т.б.)
- сызудың дәстүрлі емес техникасы: қылқалам, саусақ, тіс щеткасы, май шам және т.б..
- құрылыс жасау: қағаздан, ЛЕГО конструкторымен
- бастырмалардың түлері
- графикалық моториканы дамыту
- трафаретпен сурет салу
- түр сызықпен түрлеу

- суретті аяқтау (симметрия принципі бойынша)
- лабиринттер
- дидактикалық ойындар
- М. Монтессори әдісі
- Кіші заттармен ойнау
- пазл, мозаика қолдану

Қорыта айтқанда бұл технология балаларды төзімдікке, ұйымшылдыққа, сабырлы, ұқыпты болуға үйретеді. Бұл технология арқылы балалардың қызығушылығын ашып шыдамдылыққа үйретеміз. Моншақ технологиясы тұнып тұрған эстетика, зияткерлік ойлау, сөйлеу, еңбек, жеке және бірлескен әректің нәтижесі. Балалар бұл технологияның арқасында жаңа ойлармен мақсаттар қоя бастайды. Моншақ технологиясы балаларды дамытып қана қоймайды, сонымен қатар оларға шығармашылық пен өзін-өзі көрсетуден қуаныш пен ләззат әкеледі. Бұл балалардың ерте жаста жан-жақты дамуына ықпал ету үшін ойын, шығармашылық және білім беруді біріктіретін тиімді оқыту әдісі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Интернет -ресурсы : <http://www.maam.ru> ;<http://pedlib.ru> ; Дидактическое пособие «Умные бусы» для детей старшего дошкольного возраста: <http://ped-kopilka.ru> .
2. М. И. Родина, "Бусоград", "Музыкальная палитра", Санкт-Петербург", 2014г.
3. М. И. Родина, А. И. Буренина, "Кукляндия", "Музыкальная палитра", Санкт-Петербург", 2008г.
4. Сивохина Н. П., Родионов В. Б., Горбунов Н. М. Логистика: Учеб. пособие. - М.: ООО "Издательство АСТ", ЗАО "РИК Русанова", 2000.

ӘОЖ 373

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА БАЛАЛАРДЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ЖАҢАША БАҒЫТТАРЫ

Қашқынбай Ақниет
akosh.akniet@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің «Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу» мамандығының 3 курс студенті. Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – п.ғ.к, профессор Ф.Н.Жұмабекова

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында ұлттың жаңа келбетін айқындайтын негізгі құндылықтарға жеке-жеке тоқталды. Олар – тәуелсіздік және отаншылдық, бірлік және ынтымақ, әділдік және жауапкершілік, заң және тәртіп, еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік, жасампаздық, ынтымақтастық, ұлттық құндылық және жаңашылдық. Ұлттық құндылыққа қанығып өскен өреннің танымы терең, ділі берік болады. Ата-бабалар аманат еткен ұлан-ғайыр даланы аман сақтау, ең алдымен, жас буынға артылатын зор үміт, - деп атап көрсеткен [1].

Ұлттық рухани мәдениеттің адамгершілік тәрбиесіндегі мәні, оны жеткіншектерге «өз Отанына сүйіспеншілігін, халық дәстүрлеріне құрметін тәрбиелеу» мақсатында пайдалану проблемасы Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында да жетекші міндеттердің бірі болып отыр [2].

Кейінгі жылдары қоғамда көрініс алып отырған келеңсіз жағдайлар да (балалардың тәрбиесіндегі кемшіліктер, жеткіншектердің мінез-құлқындағы дөрекі қылықтар, қатыгездік, жауыздық және т.б.), бүгінгі тәрбие саласындағы жаңаша көзқарасты ғылыми педагогикада жүйелі түрде пайдалануға байланысты тиімді идеяның болмауы да адамгершілік тәрбиесін, соның ішінде бүгінгі таңда балаларға жасына қарай кезеңге бөліп тәлім-тәрбие және білім беруде қолдану қажеттілігін туғызып, тәрбие мәселесін дағдарысқа әкелуде. Бұл мәселенің